

Ақжар ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 21 тамыздағы N 276 "Электрондық мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 5 желтоқсандағы N 391 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 6 наурызда N 2204 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 24 мамырдағы N 178 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 24.05.2013 N 178 қаулысымен

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 31-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы 8-бабының 3-тармағына, 9-1-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Электрондық мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Ақжар ауданының әкімдігінің 2012 жылғы 21 тамыздағы № 276 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде 2012 жылғы 14 қыркүйекте № 1867 тіркелген, 2012 жылғы 1 желтоқсандағы «Ақжар-хабар» № 48 және «Дала Дидары» № 48 газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс е н г і з і л с і н :

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» 1-тармағының 1) тармақшасы шығарылсын. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік қызмет регламентінің күші жойылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау «Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Солтүстік Қазақстан облысы

Ақжар ауданының әкімі
КЕЛІСІЛДІ»

А. Тастеміров

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникация министрі А. Жұмағалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК